

2008 жылғы 1 қаңтардағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

Өзінің даму қарқынын жылдан жылға табысты өсіріп жатқан және Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы үшін ішкі инвестициялар көзінің бірі болып табылатын жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 10-жылы аяқталды.

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 75 филиалы мен 46 өкілдігі бар. 3 қордың: «Қазақмыс», «Капитал» және «Республика» қорларының филиалдары да, өкілдіктері де жоқ екенін атап өту қажет.

Ұзақ уақыт ішінде (2002 жылғы қаңтардан бастап) қорлар саны өзгерген жоқ, бұл салымшылар (алушылар) үшін зейнеткерлік қызмет көрсету рыногында олардың жеткіліктілігін көрсетеді. Дегенмен, 2007 жылы алғаш рет бір қорды – ЖЗ «Валют транзит Қоры» АҚ тарату болғанын атап айтқан жөн.

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы (бұдан әрі - «Қазақстан Халық Банкінің»), «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі - «БТА Қазақстан»), «Капитал» ЖЗҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы» АҚ (бұдан әрі – «Капитал»), «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ және «АТФ Банкі» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 9 223 712 болды. 2007 жылы салымшылар (алушылар) шоттарының саны 687 610 (8,06%) ұлғайды, оның ішінде желтоқсанда - 41 650 (0,45%) болды.

2007 жыл ішінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 14 қордың 4 қорында болды: «МЖЗҚ» – 26,44%, «Қазақстан Халық Банкі» – 21,28%, «ҰларҮміт» – 14,86% және «БТА Қазақстан» – 9,48% немесе олардың үлесіне салымшылар (алушылар) шоттарының жалпы санының 72,06% келеді. 2007 жылы 4 қордың үлесі 0,69 пайыздық тармаққа ұлғайды

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны есепті жылда 7 925 (24,03%) өсіп, 2008 жылғы 1 қаңтарда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 803,1 млн. теңгемен 40 904 болды. 2007 жылдың желтоқсан айында салымшылар (алушылар) шоттарының саны 189 (0,46%) өсті.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. 2007 жыл ішінде ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 46,80%, «Капитал» – 17,86%, «ҰларҮміт» - 14,48% және «Д.А. Қонаев атындағы» - 13,46% немесе осы төрт қордың үлесіне салымшылар шоттарының жалпы санының 92,60% келді.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары 2 қорда: «ҰларҮміт» және «Қазақстан Халық Банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2008 жылғы 1 қаңтарда 3 848 құрады, олардың дербес зейнетақы шоттарында 52,5 млн. теңге болды. 2007 жыл ішінде салымшылар (алушылар) шоттарының саны 96 (2,56%) өсті.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары 2007 жылы 298,4 млрд. теңгеге (32,80%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 208,1 млрд. теңгені құрады. Өткен жылдың желтоқсан айында салымшылардың (алушылардың) жинақталған

зейнетақы қаражаттары 43,5 млрд.теңгеге өсті немесе 2007 жылғы қарашадағы түсімдерден 10,0 млрд.теңгеге (29,85%) көп болды.

2006 жылы жинақталған зейнетақы қаражаттардың орташа айлық өсімі - 21,8 млрд. теңге болса, 2007 жылы ол 24,9 млрд. теңгені құрады немесе 14,22%-ға өсті.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны соңғы 5 жыл ішінде өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

(млрд. теңгемен)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны (% -бен)
01.01.2004	368,3	98,5	36,51
01.01.2005	484,0	115,7	31,41
01.01.2006	648,6	164,6	34,01
01.01.2007	909,7	261,1	40,26
01.01.2008	1208,1	298,4	32,80

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының абсолютті өсу барысында олардың өсу қарқынының 2004 жылы – 5,10 пайыздық тармаққа және 2007 жылы – 7,46 пайыздық тармаққа төмендегенін көруге болады.

2007 жылы ең көп жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылары) ие болды: жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасынан «Қазақстан Халық Банкі» – 29,07%, «ҰларҮміт» – 17,63%, «МЖЗҚ» – 16,96%, «БТА Қазақстан» – 10,38% және «ГРАНТУМ» - 6,03%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 80,07% келді. Есепті жылда 5 қордың үлесі 1,09 пайыздық тармаққа өсті. Жинақталған зейнетақы қаражаттарының көлемі бойынша 2004 жылғы мамырдан бастап барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы көлемінің 29%-на ие «Қазақстан Халық Банкі» алдыңғы орынға шыққанын атап өту қажет.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 339,7 млрд. теңге болды немесе өткен жылдың желтоқсанында 20,3 млрд. теңгеге (6,35%) артты. 2007 жылы «таза» инвестициялық кіріс сомасы 84,0 млрд.теңгеге (32,86%) ұлғайды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны соңғы 5 жыл ішінде өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңгемен)

Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.01.2004	99,2	21,3	27,34	26,93
01.01.2005	114,7	15,5	15,63	23,70
01.01.2006	155,1	40,4	35,22	23,91
01.01.2007	255,7	100,6	64,86	28,11
01.01.2008	339,7	84,0	32,85	28,12

Көрсетілген кестеде есепті жылда «таза» инвестициялық кіріс көлемінің төмендегені байқалады. 2007 жылы «таза» инвестициялық кірістің өсім сомасы 84,0 млрд. теңгені құрады немесе 2006 жылғы өсімнен 16,6 млрд.теңгеге (16,50%) төмен.


«Таза» инвестициялық кіріс сомасы орташа айлық өсу барысында 2005 жылы – 3,4 млрд.теңге, 2006 жылы - 8,4 млрд. теңге, 2007 жылы 7,0 млрд. теңге болды немесе 16,67% төмендегенін атап өткен жөн.

«Таза» инвестициялық кіріс көлемінің кемуіне Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (жиынтық инвестициялық портфельдегі МБҚ үлесі 25,4% құрайды), АҚШ

долларында деноминирленген облигациялар бойынша кірістіліктің төмендеуі, сондай-ақ АҚШ долларының теңгеге қатысты курсының құнсыздануы ықпал еткенін атап өту қажет.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі желтоқсанда 24,0 млрд. теңгеге (2,71%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 912,1 млрд. теңгені құрады. 2007 жылы салымшылар (алушылар) шоттарына 228,2 млрд. теңге сомасында зейнетақы жарналары түсті немесе 2006 жылы салымшылар (алушылар) шоттарына есептелген сомадан (171,5 млрд.теңге) 56,7 млрд.теңгеге көп болды.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты өсімпұл сомасы өсуде, ол 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 7,4 млрд. теңге болды немесе 2007 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 2,0 млрд. теңгеге (37,0%) өсті.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2007 жылы 15,2 млрд. теңгеге (31,62%) өсіп, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 63,1 млрд. теңге болды. 2007 жылы сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шарттары бойынша 29 алушымен жалпы сомасы 32,0 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары аударылды.

Жылдан жылға қорлардың зейнетақы төлемдері біршама артып келе жатқанын атап кеткен жөн, атап айтар болсақ, 2005 жылы төлем сомасы 9,4 млрд.теңге, 2006 жылы – 12,1 млрд. теңге болса, 2007 жылы 15,2 млрд. теңгені құрады немесе 2006 жылы төленген төлемнен 3,1 млрд. теңгеге көп болды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттарының аударымдары желтоқсанда 7,5 млрд. теңгеге (3,70%) өсіп, 2008 жылғы 1 қаңтарда 209,8 млрд. теңге болды. 2007 жылы басқа қорларға аударылған жинақталған зейнетақы қаражаттары аударымдарының жалпы сомасы 72,5 млрд.теңгені құрады немесе 2006 жылғы аударымдар сомасынан 1,8 есеге көп болды.

Жинақталған зейнетақы қаражаттарын басқа қорларға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 32,28%, «ҰларҮміт» - 16,22%, «Д.А. Қонаев атындағы» - 13,68%, «Қазақстан Халық Банкі» - 11,69% және «БТА Қазақстан» - 6,37% немесе осы 5 қорға аударымдардың жалпы сомасының 80,24% келеді.


Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 желтоқсаннан басталған кезеңде 44,3 млрд. теңгеге немесе 3,79%-ға өсіп, 1 211,9 млрд. теңге болды. 2007 жылы зейнетақы активтерінің көлемі 296,8 млрд.теңгеге немесе 32,43% ұлғайды.

2007 жылғы 1 қаңтардан бастап 2008 жылғы 1 қаңтар аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 24,7 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

Динамика изменения совокупного объема пенсионных активов



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ НІПФ	Зейнетақы активтері	
	млн. тенге	%-бен/в %
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	352 417	29,08
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	214 040	17,66
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	214 040	17,66
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	205 358	16,94
«ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	125 875	10,39
"Baiyuk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Еуразия Банкі» АҚ еншілес ұйымы)	119 869	9,89
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	42 779	3,53
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	30 274	2,50
"МұнайГаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	29 864	2,46
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	16 952	1,40
"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	73 048	6,03
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	73 048	6,03
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	34 340	2,83
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	30 303	2,50
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	30 303	2,50
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	30 049	2,48
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	25 131	2,07
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	1 519	0,13
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	1 519	0,13
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	1 211 949	100,00

2008 жылғы 1 қаңтарда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2007 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 52 408 млн. теңгеге немесе 4,60%-ға өсіп, 1 195 089 млн. теңгені құрады, ал 2007 жылғы 1 қаңтардағы кезеңде - 297 092 млн. теңгеге немесе 33,08% ұлғайды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.01.2008ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	303 364	25,38
ҚР еурооблигациялары	0	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	260 071	21,76
Ұлттық Банктің ноттары	43 294	3,62
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	103 928,68	8,70
акциялар	20 759	1,74
облигациялар	83 169	6,96
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	1 288	0,11
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	34 599	2,89
Тазартылған алтын	22 698	1,90
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	553 603	46,32
акциялар	189 762	15,88
облигациялар, оның ішінде	363 841	30,44
АҚШ долларында номинирленген	2 495	0,21
теңгеге номинирленген	361 346	30,23
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	176 834	14,80
Туынды бағалы қағаздар	-1 226	-0,10
жиынтығы	1 195 089	100,00


Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2008 жылғы 1 қаңтардағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2002 жылғы желтоқсан – 2007 жылғы желтоқсан кезеңінде - 46,15% (инфляцияның жинақталған деңгейі 57,90%);
- 2004 жылғы желтоқсан – 2007 жылғы желтоқсан кезеңінде – 32,90% (инфляцияның жинақталған деңгейі 38,57%);
- – 2006 жылғы желтоқсан – 2007 жылғы желтоқсан кезеңінде – 9,47% (инфляцияның деңгейі 18,80%) құрады.

Бұл ретте, зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің түзетілген коэффициенті 2002 жылғы желтоқсан – 2007 жылғы желтоқсан кезеңінде 40,16% болды.

12 айда зейнетағы активтерінің және ЖЗҚ номиналды кірісі коэффициентінің араатынасы




ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мәндері туралы ақпарат www.afn.kz Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың меншікті капиталы 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 29,6 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 8,8 млрд. теңге немесе меншікті капиталдың көлемінің 29,7%-ы болды. 2007 жылы жиынтық капитал 6,5 млрд. теңгеге немесе 28,1%-ға өсті.

Қорлардың меншікті капиталының және ЖІҚ өзгеру динамикасы, млрд. теңгеге



2007 жылы «Д.А.Қонаев атындағы», «Сенім», «Қорғау» және «РЕСПУБЛИКА» қорларынан өзге барлық қорлар жалпы сомасы 7,4 млрд. теңге пайда (кіріс салығын төлегенге дейін) алды. Пайданың ең көп сомасын «Қазақстан Халық Банкі» - 35,1%, «ҰларҮміт» - 24,3%, «МЖЗҚ» - 18,9% және «БТА Қазақстан» - 13,5% алды және осы 4 қорға қорлар пайдасының жалпы сомасының 91,8%-ы келді.

2007 жылы меншікті активтер есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 8,0 млрд. теңгеге ұлғайып, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 21,88 млрд.теңге немесе қорлардың жиынтық капиталының 73,92% болды.

Қорлардың меншікті активтері мемлекеттік бағалы қағаздарға жалпы сомасы 7,33 млрд. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 33,51%-ы), Қазақстан Республикасының эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға жалпы сомасы 8,40 млрд. теңге (38,40%), шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға жалпы сомасы – 0,07 млрд.теңге

(0,30%) қаржы салды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға жалпы сомасы 3,58 млрд. теңгені (16,37%), сондай-ақ инвестициялық қорлардың пайлары - 0,05 млн. теңгені (0,24%) және «Кері РЕПО» операциялары - 2,45 млрд. теңгені немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 11,18%-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.01.08
ЖІӨ млрд.теңге (Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	13 315,2
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,07
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	6,85
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,55
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,22